Әділет

# "Петропавл қаласы бойынша бекітілген салық ставкаларын белгілеу туралы" Петропавл қалалық мәслихаты IV шақыру 2009 жылғы 27 сәуірдегі XV сессиясының N 1 шешіміне өзгеріс енгізу

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 16 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қаңтарда N 13-1-169 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2018 жылғы 15 мамырдағы № 8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 15.05.2018 № 8 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 28-бабына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Петропавл қаласы бойынша бекітілген салық ставкаларын белгілеу туралы " 2009 жылғы 27 сәуірдегі Петропавл қалалық мәслихаты IV шақыру XV сессияның № 1 шешіміне (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2009 жылғы 21 мамырдан № 13-1-154 тіркелген, 2009 жылғы 29 мамырдан "Проспект СК" газетінде № 22, 2009 жылғы 29 мамырдан " Қызылжар-Нұры" газетінде № 22 жарияланған) келесі өзгерістер еңгізу:

көрсетілген шешімнің 2 тармағын шығару;

осы шешімнің қосымшасына сәйкес көрсетілген шешімнің қосымшасын жаңа редакцияда баяндау.

2. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күн өткенде күшіне енеді.

| | |
|---|---|
| *Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы* | *С. Леонтьев* |
| *Қалалық мәслихат хатшысы* | *Р. Сыздықов* |

Петропавл қалалық мәслихаттың
2009 жылғы 25 желтоқсандағы
XXII сессиясының
№ 16 шешіміне қосымша
Петропавл қалалық мәслихаттың
2009 жылғы 27 сәуірдегі
IV шақырылған кезектен тыс
XV сессиясының № 1 шешіміне
қосымша

| № к/к | Салық салу нысаны | АЕК 1 ай үшін белгіленген салық мөлшерлемесі |
|---|---|---|
| 1 | Ұтыссыз ойын автоматы (1 ойыншымен) | 2,5 |
| 2 | Боулинг (кегельбан) – ойын жолы | 33,2 |
| 3 | Карт | 2,4 |
| 4 | Бильярд үстелі | 9,5 |
| 5 | Ұтыссыз ойын автоматы (1 ойыншыдан артық) | 6,4 |
| 6 | Ойынды жүргізу үшін қолданылатын персоналды компьютер | 2,2 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК